

2006. — 486 б.

2. Әуезов М. Қорғансыздың күні. – Алматы: Атамұра, 2002, – 429 бет. 3. Пропп Ф. Фольклор и действительность. - М.: Наука, 1976. — 327 с. 4. Есім Ғ. Кемеңгер Мұхтар. – Астана, 2017, - 320 б.

ӘОК 130.2

М.ХАЛЬВБАКСТЫҢ «ЖАДЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ШЕҢБЕРІ» ЕҢБЕГІНЕ ТАЛДАУ

Жұмағали Лязиза

miss.lyaziza06@gmail.com

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ

«Мәдениеттану» мамандығының 4 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А. Рамазанова

Дюркгеймдік әлеуметтану мектебінің өкілі Морис Хальвбакс (1877-1945) бұл еңбегін жаза отырып ғылымға жаңа бағыт алып келді. Ол жадыны әлеуметтанулық тұрғыда зерттеу еді. Хальвбакс ұжымдық жадының табиғаты туралы бұл мәселеге ғалымдардың назары аумай тұрып жазған болатын. Ол өмірден озғаннан соң ғана осы еңбегі гуманитарлық ғылымдарда кең сұранысқа ие болды. Сонымен қатар, бұл жұмыс кейіннен әлеуметтануда да, одан тыс - қазіргі заманғы мәдениет теориясы мен тарихи білім тарихында ерекше маңызға ие болды. Хальвбакс тарихшылар назарын «өткен» объектісінен «жады» және «ұжымдық жадыға» аударып алды деп саналады. Бұл анықтама бойынша «жады» адам мен әлеуметтік санада өткен идеялар қалай қалыптасқанын зерттеуге жол ашады. Сонымен, жұмыстың негізгі идеясы - адамдар мен топтардың жадысы әлеуметтік тұрғыдан нақты анықталған, автор «шеңбер» ұғымын осы әлеуметтік компонентті талдау үшін қолданады. Кітаптың жартысы іс жүзінде әлеуметтануға емес, психологияға қатысты: ондағы есте сақтау процестері психологтардың еңбектерінде келтірілген хабарламалар, сондай-ақ автордың өзін-өзі бақылау деректері негізінде талданады. Ал екінші жартысы көбінесе нақты фактілерге емес, жалпыадамзаттық тәжірибенің дәлелдеріне жүгінетін әлеуметтік құбылыстар туралы түсініктер болып табылады.

Кітап 7 тараудан тұрады:

1. Түстер және естелік бейнелері
2. Сөйлеу және жады
3. Өткенді қайта жаңғырту (реконструкциялау)
4. Өткенді локализациялау
5. Отбасының ұжымдық жадысы
6. Діни ұжымдық жады
7. Әлеуметтік класстар және олардың дәстүрлері

Хальвбакс жадының әлеуметтік компонентін талдайтын құрал – «шеңбер» ұғымы. Автор шеңбер мен естеліктердің біртұтас екенін көрсетеді:

...шеңбер мен оқиғалардың табиғаты бірдей: естеліктер оқиғалардан тұрады, сонымен қатар, шеңбердің өзі естеліктерден тұрады. есте сақтаудың бұл екі түрі соңғыларының тұрақты болуымен, бізге әрқашан байқалатындығымен ерекшеленеді және біз оларды біріншісін еске түсіру және қайта құру үшін пайдаланамыз.

Шеңбер - бұл «тірек нүктелерінің» жиынтығы және жүйелік бірліктер", бұл жеке адамның жадының негізі болып табылатын интерсубъективті жасанды орта. Қандай да бір мағынада «шеңбер» ұғымы «көптеген оқиғалар» ұғымымен бірдей: «оқиға - бұл естеліктің мәні, бірақ шеңбердің өзі де естеліктерден тұрады. Естеліктердің бұл екі түрі бір-бірінен өзара ерекшеленеді. Екіншісі неғұрлым тұрақты болғандықтан, біз оларды әрқашан байқаймыз және оларды біріншісін еске түсіру және қайта құру үшін қолданамыз».

Жадының мәнін зерттеу үшін шеібердің маңызды элементтері-бұл сөйлеу, кеңістік, уақыт. Олар естеліктерді ретке келтіру және жеке адамның жадының тұтастығын сақтау құралы ретінде қызмет етеді. Шеңбердің өзі адамзат мәдениетін дамыту барысында табиғи түрде пайда болады және оның тұтастығын, үйлесімділігін сақтаудың маңызды тәсілдерінің бірі болып табылады. Өз ішінде тәуелсіз адам санасы мен мәдениетін олардың бірлігінде сақтау мен дамытудың құнды құралы.

Жады мен тіл шеңберлерінің байланысы – аса маңызды аспект. Халбвак назар аударатын тіл, ішкі сөз - бұл адамның ойлау құралы ғана емес, сөйлеу-сана мен ойдың мәні. Жад адам өзіне тиесілі қауымдастықтан алған сөздер мен ұғымдар арқылы жұмыс істейді, ол кем дегенде осы фактке байланысты әлеуметтік болып саналады. Халбвак бойынша ауызша конвенция ұжымдық жадтың ең қарапайым және тұрақты шеңберін құрайды. Сөздердің жоғалуы, ұмытылуы естеліктермен жұмыс істей алмауына және, сайып келгенде, адамның жеке тұлға ретінде жойылуына әкеледі. Сөйлеудің, афазияның елеулі бұзылуларынан зардап шегетін адам, философтың пікірінше, өзінің естеліктерін орналастыра алатын шеңберді жоғалтады. Қазіргі таңда қазақ тіліндегі көнерген сөздердің көбеюі және олардың қолданыстан шығу мәселесі осы жайтқа өзекті болмақ. Жаһандану заманында тарихи сөздердің, архаизмдердің мүлдем қолдансықа енбеуі, түрлі шетелдік неологизмдердің пайда болуы – қазақ тілінің өзіндік реңкін қашырғандай. Тарихи сөздердің қолданыста болмауы тарихи жадыға да тікелей байланысты. Яғни, көнерген сөздердің мағынасын білмейтін жас ұрпақ бұл сөзбен байланысты тарихи санадағы естеліктерді қайдан білсін? Бұл жерден көретініміз – әрбір сөздің артында жатқан естеліктердің барлығы және оларды реконструкциялайтын ұжымдық жадының ықпалы. Ұжымдық жад туралы айтатын болсақ, Халбвак бұл ұғымға мұрағаттар, кітапханалар, ескерткіштер – яғни мәдениеттің маңызды аспектілерін жатқызбайды. Ұжымдық жад мәтіндер мен артефактілердің жиынтығы ретінде емес, сонымен қатар әлеуметтік детерминистік шеңберлердің күрделі және үзіліссіз құрылымын толтыратын оқиғалардың, әсерлердің динамикалық кешені болып табылады.

Морис Халбвак тарихты ұжымдық жадтың бөлігі ретінде анықтауға бейім емес, ол үшін біріншісі жойылып, соңғысы ыдыраған кезде ғана басталады. Тарих пен ұжымдық жад бір-бірін толықтырады, тарих жадтың әлеуметтік «шеңберін» құра алады, оларға қосымша тірек нүктелерін береді және мнемоникалық кеңістік уақытын толтыруға көмектеседі, бірақ олардың мәні әртүрлі. Халбвакстың позитивистік көзқарастарына сәйкес, тарих ол ғылым, ол бізге объективті білім береді, ал жад әрқашан белгілі бір топтың шығармашылығы болып табылады: «біздің жадымыз білгенге емес, өткен тарихқа сүйенеді. «Тарих» деп бұл жерде оқиғалар мен күндердің хронологиялық тізбегін емес, бір кезеңді басқаларынан ерекшелетін және кітаптар мен әңгімелер бізге тек схемалық және толық емес көрініс беретін барлық нәрсені түсіну керек». Халбвак үшін тарих – бұл өзгерістің көрінісі. Себебі, ешқандай сала қандай да бір уақыттың ішінде өзгеріссіз тұра алмайды. Тарихи оқиғалардың дәйектілігі үзіліссіз көрсетіледі, әр факт алдыңғыдан белгілі бір алшақтықпен бөлінген. Зерттеушілер жады неғұрлым маңызды рөл атқарса, соғұрлым оның тарихпен қатынасын анықтау маңызды екенін атап өтті. Халбвакстың уақыт өте келе өзгеретін ұжымдық жад бейнелеріне деген қызығушылығы оны тарихи фактіге жаңа көзқараспен қарауға әкелді.

Халбвак әлеуметтік құрылымдарда ұжымдық жадтың жұмыс істеу механизмін түсіндіруге тырысады. Оның басты еңбегі ретінде ол әлеуметтік құрылымдар мен топтардың теориясын алғаш ойлап тапқаны, кейіннен Француз әлеуметтануындағы ықпалды бағыттың нәтижелі болғаны жиі айтылады. Мысалы, отбасы мен дін секілді әлеуметтік құрылымдар Халбвак боцынша тек ұжымдық жады механизмнің арқасында жұмыс істейді. Отбасының өмірі көптеген оқиғаларды қамтиды. Отбасының тұтастығы ретінде өмір сүруі тек осы әлеуметтік құрылымда отбасы мүшелерімен бөлісетін жадының болуына байланысты мүмкін болады. Сонымен, туыстық қатынас ұғымы туысымыздың жеке бейнесімен тығыз байланысты. «Әр отбасының өз тарихы бар, ал оның мүшелерінің әрқайсысы басқалардың көз алдында өзінің ерекше тұлғасына ие».

Халбвакс өзінің тұжырымдамасы аясында діннің мәнін түсіндіреді. Әр дін белгілі бір мағынада «өткеннің жәдігері» болып табылады. Бұл бұрыннан аяқталған немесе жоғалып кеткен қасиетті оқиғаларды немесе кейіпкерлерді еске алудан тұратын құбылыс. Алайда, діни ұжымда салт-жоралар мен рәсімдерде көрініс табатын осы оқиғаларды еске алу үнемі сақталады.

Халбвакс тұжырымдамасы әлеуметтанулық проблемалардан тыс көптеген құбылыстарға қатысты. Мысалы, ол адамдардың есте сақтау теориясына сүйене отырып, неге түстерін ұмытып кететінін түсіндіреді. «Ұйқы» шеңберінің «шындыққа» ешқандай қатысы жоқтығын көрсетіп, оларды қарама-қарсы қояды. Олар тұрақсыз, заттар бұлыңғыр болып келеді. Біздің қиялдағы көріністеріміз өзгерген кезде біз ұйқының шеңберін өзгертеміз. Шынайы өмірде бізді шындық сезімі мазалайды. Ал ұйқы есте сақтау процестерін қамтымайды. Осылайша, ұмыту – шеңбердің ыдырауы болып есептеледі. Ал шеңбер тұтастығы жоғалған уақытта естеліктеріміз тіректерін, шекараларын жоғалтады, анық емес құбылысқа айналады. Біздің назарымыз ендігі оған аумамайтын болады. Жадының әлеуметтік шеңбері мен ұжымдық жадының өзі соншалықты күрделі динамикалық бірлік болып табылады, сондықтан шеңбердің бұзылуы ғана емес, сонымен қатар оның әртүрлі әлеуметтік оқиғаларға байланысты өзгеруі - ұжымдық жадыны өзгерте алады. Халбвакс тарихи оқиғаларды түсіндірудің өзгергіштігі жасанды манипуляциялардың салдары ғана емес, сонымен бірге табиғи әлеуметтік процесс екенін көрсетеді.

Халбвакстың еңбектері коммеморациялардың (ұжымдық жад нысандары) бірқатар зерттеулерін шабыттандырды, постмодерн дәуірінің тарихшылары оның ашылуларына сүйенеді. Бұл еңбектің құндылығы – естеліктердің біркелкі емес, әртүрлі тарихи немесе қоғамдық кеңістікте пайда болатындығына назар аудартуы болды. Сонымен қатар, өткеннің естеліктері қалай қалыптасса, солай жоғала да алатынын көрсету мағыздылығында болды. Осыған ғалымдардың көңілін аудартып, түрлі бұрмалаушылықтарды түзеп, оның заңдылықтарын зерттеу мәселесі болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. М.Халбвакс. Жадының әлеуметтік шеңберлері. Мәскеу: жаңа басылым. 2007 ж.
2. М.Халбвакс. Ұжымдық және тарихи жад. 2005. 8–27 беттер.
3. С.Н.Зенкин. Морис Халбвакс және қазіргі гуманитарлық ғылымдар.
4. П.Рикер. Естелік, тарих, ұмыту. 2004 жыл.

ӘОК 133

ОККУЛЬТ БІЛІМДЕРДІҢ ЗАМАНАУИ ҒЫЛЫМДАҒЫ АХУАЛЫ

Ибраимов Темүрбек Қуанышбайұлы

temurbekibra@gmail.com

М.Улугбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті

«Философия» мамандығының 2 курс магистранты

Ташкент, Өзбекстан

Ғылым философиясы мезгіл-мезгіл бірнеше бөліктерге бөлініп отырса, соңғы бөлімде ғылым мен эзотеризмнің арақатынасы қарастырылады. Оған эзотерикалық білім, оккультизм, дін және мифология кіреді. Белгілі философ және ғалым Пол Карл Фейерабэнд: «Ғылымды ғылыми элитаның идеологиясы ретіндегі орталық орнынан айырып, мифологиямен, дінмен, тіпті магиямен теңестіру керек» - дейді [1]. Яғни, ғылым философиясы бүгінгі таңда ғылым шеңберінен тыс жатқан, бірақ мистикалық танымның пайда болу механизмін нақты түсіндіре алмайтын бірқатар құбылыстар мен жасырын білімдерді таниды. Бұл құбылыс терминологияда оккультизм немесе оккульт ғылымдар деп аталады. Оларға күнделікті өмірде жиі кездесетін таңғажайып деп саналатын бірқатар оқиғалар кіреді.